ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЕСІЛ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
2021 ж. «15» қаңтар

Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардаға
№ А-1/3 қаулысымен
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі түзеу мекемелері жанындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

# ЖАРҒЫСЫ

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі түзеу мекемелері жанындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) білім беру, тәрбиелеу функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Ақмола облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

5. Тиісті саланың уәкілетті органы «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі түзеу мекемелері жанындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020400 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Промышленная Зона көшесі,құрылыс 1

## 2. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, өз күшіне енеді.

**3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні сотталғандардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты сотталғандардың негізгі жалпы, орта жалпы білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз ету, білім алушыларға мамандық таңдауда және игеруде көмек көрсету, білім алушылардың жеке басының мәдениетін қалыптастыру болып келеді.

14. Қызмет түрлері:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын игеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген ғылымның базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;

3) тұлғаның рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) Өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, азаматтыққа және патриотизмге, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу;

15. Мемлекеттік мекеменің негізгі міндеттері:

1) отыз жасқа толмаған сотталғандардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу;

2) отыз жастан асқан сотталғандардың қалауы бойынша жалпы орта білім алуға құқылы.

16. Білім беру процесі Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы колданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Мемлекеттік мекеменің қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері Қазакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекеменің Жарғысымен және жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларында айқындалады.

18. Мемлекеттік мекемеге негізгі орта және жалпы орта білімі жоқ сотталғандар білім туралы құжаттардың негізінде қабылданады.

19. Сотталғандардың білім деңгейін анықтау үшін оларға тестілеу жүргізіледі.

20. Қабылдау түзеу мекемесінің бастығымен келісілген мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен ресімделеді. Сыныптарды жинақтау оқу жылы бойы жүргізіледі.

21. Мемлекеттік мекемеде оқу процесі колданыстағы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Оқу жылы 1 қыркүйекте басталып 25 мамырда аяқталады.

23. Мемлекеттік мекеменің педагогикалық ұжымы:

1) мекеме әкімшілігімен бірлесіп, Міндетті оқытуға жататын, отыз жасқа толмаған және жалпы орта білімі жоқ сотталғандарды толық қамтуды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізеді;

2) сотталғандарды ұстау режимінің талаптарын ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес білім беру процесін ұйымдастырады;

3) білім алушыларға сабақтарға дайындалуға, өзін - өзі тәрбиелеу әдістерін меңгеруге, мекеме әкімшілігіне-сотталғандарды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, оларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту жөніндегі жұмысқа көмек көрсетеді;

4) білім алушыларды оқудағы жетістіктері мен тәртіпті сақтағаны үшін көтермелеу туралы мекеме әкімшілігіне өтініш жасайды;

5) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің түзеу мекемелерінде ішкі тәртіп талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;

6) оқу-әдістемелік құралдардың, жабдықтардың және басқа да мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді.

24. Мемлекеттік мекеменің педагогтары түзеу мекемелері қызметі ережелерінің талаптарын бұзған жағдайда мекеменің аумағына жіберілмейді.

25. Оқыту екі сатыдан тұрады: екінші саты – негізгі 8-10 сыныптар, үшінші саты - жоғары 11-12 сыныптар. Білім деңгейі неғұрлым төмен контингент болған жағдайда мемлекеттік мекемеде бастауыш жалпы білім беру сатысында оқыту ұйымдастырылуы мүмкін.

26. Мемлекеттік мекеме жылдық оқу кестесін анықтауда дербес. Оқу жылының ұзақтығы-аптасына 5 күннен екі ауысымда 36 оқу аптасы.

Сабақтардың басталу және аяқталу уақыты, сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы, жылдық күнтізбелік оқу кестесі түзеу мекемесі бастығының келісімі бойынша мемлекеттік мекеменің бұйрығымен бекітіледі.

27. Мемлекеттік мекемеде оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

28. Оқу жылының бағдарламасын табысты меңгерген, көшіру немесе қорытынды емтихандарды тапсырған оқушылар мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесінің ұсынысы бойынша мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен келесі сыныпқа ауыстырылады.

29. Білім алушылардың білімін ағымдық бақылау оларды оқу сабақтарында жүйелі түрде сұрау, дербес тапсырмалардың орындалуын тексеру арқылы жүзеге асырылады.

30. Білім алушыларды аралық аттестаттау сынақтар мен емтихандар нысанында жүргізіледі. Оқу жылдары бойынша сынақтар мен емтихандардың саны және сынақтар мен емтихандар өткізілетін пәндер тізбесін мектептің педагогикалық кеңесі айқындайды.

31. Айып изоляторына қамалған және камералық үлгідегі бөлмеге жазаны өтеудің қатаң жағдайына ауыстырылған оқушылар сырттай оқу нысаны бойынша оқиды.

32. Мемлекеттік мекемені бітірген сотталғандарға белгіленген үлгідегі құжаттар беріледі.

33. Жазаны өтеуден босатылатын бітіруші сынып оқушылары үшін мемлекеттік емтихандар басталғанға дейін үш ай бұрын мерзімінен бұрын емтихандар ұйымдастырылуы мүмкін.

34. Түзеу мекемесі әкімшілігінің өкілдері мемлекеттік мекеме әкімшілігінің келісімі бойынша сотталғандарды оқыту жөніндегі жұмысты жақсарту мақсатында сабақтарға және білім беру процесіне байланысты басқа да іс-шараларға қатыса алады, мемлекеттік мекеме өткізетін іс-шараларға қатыса алады.

35.Үш және одан да көп пән бойынша оқу жылының бағдарламасын игермеген білім алушылар қайта оқуға қалдырылады.

36. Оқушыларды оқудан шығару түзеу мекемесі бастығының келісімі бойынша мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі:

1) оқу курсын аяқтағанда;

2) жазаны өтеу мерзімі аяқталған жағдайларда;

3) басқа түзеу мекемесіне ауыстырғанда;

4) құқыққа қарсы әрекеттер жасау, мемлекеттік мекеме Жарғысын бірнеше рет өрескел бұзғанда .

37. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері:

Білім алушылар құқылы:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқытуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

4) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне;

5) компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

6) өз пікірін және сенімін еркін білдіруге;

7) өзінің адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге;

8) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу және сыйақы алуға.

Білім алушылар міндетті:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

2) өз денсаулығына қамқорлық жасау, рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу.

3) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, олар оқитын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

38. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері.

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз қарым-қатынастан және кедергіден қорғануға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қарауға;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ

оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке жедагогикалық қызметті жүзеге асыруға;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадақтауға;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

Педагог міндетті:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен кешікпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге.

Педагог білім беру үдерісін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

39. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

40. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле: тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

## 4. Мемлекеттік мекемені басқару

41. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

42. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асырады;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады.

43. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекемені мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібін және өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

44. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда қоспағанда, мемлекеттік мекеменің басшысын тиісті саланың уәкілетті органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

45. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, мемлекеттік мекеменің басшысын тиісті саланың уәкілетті органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

46. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

47. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін

бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

48. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді казакстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұскаулар береді;

7) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден баска, мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

9) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

10) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

11) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

12) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 5. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

49. Мемлекеттік мекеменің мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің мүлкі Қазақстан Республикасының:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

50. Мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

51. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік мекемеге кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, осындай қызметтен алынған ақша тиісті бюджетке есептелуге жатады.

52. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

53. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп береді.

54. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

## 6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

55. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## 7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

56. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

## 8. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

57. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

58. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

59. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

60. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған, кредиторлардың талаптарын

қанағаттандырғаннан кейін қалған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

## 9. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

61. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы ____________________________ ____________________________

Т.А.Ә. қолы

Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 5 января 2021 года
№ А-1/3

# УСТАВ
## коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа при исправительном учреждении отдела образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области»

## 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа при исправительном учреждении отдела образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области» (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме коммунального государственного учреждения для осуществления воспитательных, образовательных функций.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией, Законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства, иными нормативными правовыми актами и на основании настоящего Устава.

4. Учредителем государственного учреждения является акимат Акмолинской области (далее - Учредитель).

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли является государственное учреждение «Отдел образования по Атбасарскому району Акмолинской области» (далее - уполномоченый орган соответствующей отрасли).

6. Наименование государственного учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа при исправительном учреждении отдела образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области».

7. Местонахождение государственного учреждения: индекс 020400, Республика Казахстан, Акмолинская область, Атбасарский район, г.Атбасар, Промышленная зона 1.

## 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет бланки, печати с изображением

Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственных учреждений вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

## 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

12. Предметом деятельности государственного учреждения является получение осужденными начального, основного среднего и общего среднего образования.

13. Целью деятельности государственного учреждения является обеспечение конституционного права осужденных на получение основного общего, среднего общего образования, помощь обучающимся в выборе и освоении профессии, формирование культуры личности обучающихся.

14. Виды деятельности:

1) создание необходимых условий для развития функциональной грамотности учащихся через освоение образовательных программ, направленных на формирование и развитие компетентной личности;

2) обеспечение получения обучающимися базисных основ наук, предусмотренных соответствующим государственным общеобязательным стандартом образования;

3) развитие духовных возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни;

4) воспитание гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине - Республике Казахстан, уважения к государственным символам и государственному языку, почитания народных традиций, нетерпимости к любым антиконституционным и антиобщественным проявлениям;

5) приобщение к достижениям отечественной и мировой культуры, изучение истории, обычаев и традиций казахского народа и других национальностей, проживающих в Республике Казахстан;

15. Основные задачи государственного учреждения:

1) обязательное получение осужденными, не достигшими возраста тридцати лет, начального, основного среднего и общего среднего образования;

2) получение общего среднего образования по желанию осужденными старше тридцати лет.

16. Образовательный процесс осуществляется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан в области образования.

17. Особенности организации деятельности государственного учреждения определяются Уставом государственного учреждения и Типовыми правилами деятельности по видам общеобразовательных организаций (начального, основного среднего и общего среднего образования), утвержденными Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 сентября 2013 года № 375.

18. В государственное учреждение принимаются осужденные, не имеющие основное среднее и общее среднее образование на основании документов об образовании.

19. Для определения уровня знаний осужденных проводится тестирование.

20. Зачисление оформляется приказом руководителя государственного учреждения, согласованным с начальником исправительного учреждения. Комплектование классов проводится на протяжении учебного года.

21. В государственном учреждении учебный процесс осуществляется в соответствии с действующими Типовыми учебными планами и программами.

22. Учебный год начинается 1 сентября, заканчивается 25 мая.

23. Педагогический коллектив государственного учреждения:

1) проводит совместно с администрацией учреждения работу по обеспечению полного охвата подлежащих обязательному обучению осужденных, не достигших тридцатилетнего возраста и не имеющих общего среднего образования;

2) организует образовательный процесс в соответствии с учебными планами и программами с учетом требований режима содержания осужденных;

3) оказывает помощь обучающимся в подготовке к занятиям, овладении методами самообразования, администрации учреждения в духовно-нравственном воспитании осужденных, в работе по их социальной адаптации и реабилитации;

4) ходатайствует перед администрацией учреждения о поощрении обучающихся за успехи в учебе и соблюдении дисциплины;

5) обеспечивает соблюдение работниками государственного учреждения требований внутреннего распорядка исправительных учреждений;

6) обеспечивает сохранность учебно-методических пособий, оборудования и другого имущества.

24. Педагоги государственного учреждения не допускаются на территорию учреждения в случае нарушения ими требований правил деятельности исправительных учреждений.

25. Обучение состоит из двух ступеней: вторая ступень – основная 8-10 классы, третья ступень- старшая 11-12 классы. При наличии контингента с более низким образовательным уровнем в государственном учреждении может быть организовано обучение на ступени начального общего образования.

26. Государственное учреждение самостоятельно в определении годового календарного учебного графика. Продолжительность учебного года - 36 учебных недель в две смены по 5 дней в неделю.

Время начала и окончания занятий, продолжительность перемен между уроками, годовой календарный учебный график устанавливается приказом государственного учреждения по согласованию с начальником исправительного учреждения.

27. Обучение в государственном учреждении проводится на государственном и русском языках.

28. Учащиеся, успешно усвоившие программу учебного года, сдавшие переводные или итоговые экзамены, переводятся в следующий класс приказом руководителя государственного учреждения по представлению Педагогического совета государственного учреждения.

29. Текущий контроль знаний обучающихся осуществляется путем систематического их опроса на учебных занятиях, проверки выполнения самостоятельных заданий.

30. Промежуточная аттестация обучающихся производится в форме зачетов и экзаменов. Рассредоточение зачетов, экзаменов по годам обучения, количество обязательных зачетов и экзаменов в течение года и перечень предметов, по которым проводятся зачеты и экзамены, определяются педагогическим советом школы.

31.Учащиеся, водворенные в штрафной изолятор и переведенные в помещение камерного типа, на строгие условия отбывания наказания, обучаются по заочной форме.

32.Осужденным, окончившим государственное учреждение, выдаются документы установленного образца.

33. Для учащихся выпускных классов, освобождаемых от отбывания наказания, за три месяца до начала государственных экзаменов, могут быть организованы досрочные экзамены.

34. Представители администрации исправительного учреждения, по согласованию с администрацией государственного учреждения, могут присутствовать на занятиях и других мероприятиях, связанных с образовательным процессом, с целью улучшения работы по обучению осужденных, участвовать в мероприятиях, проводимых государственным учреждением.

35.Обучающиеся, не освоившие программу учебного года по трем

и более предметам, остаются на повторное обучение.

36. Отчисление учащихся производится приказом руководителя государственного учреждения по согласованию с начальником исправительного учреждения в случаях:

1) Окончания курса обучения.

2) Окончания срока отбывания наказания.

3) Перевода в другое исправительное учреждение.

4) Совершения противоправных действий, неоднократных грубых нарушений Устава государственного учржденния .

37. Права и обязанности учащихся.

Обучающиеся имеют право на:

1) получение качественного образования в соответствии с государственными общеобязательными стандартами образования;

2) обучение в рамках государственных общеобязательных стандартов образования по индивидуальным учебным планам, сокращенным образовательным программам по решению совета организации образования;

3) выбор альтернативных курсов в соответствии с учебными планами;

4) бесплатное пользование информационными ресурсами в организациях образования, обеспечение учебниками, учебно-методическими комплексами и учебно-методическими пособиями;

5) бесплатное пользование компьютерными классами и библиотекой;

6) свободное выражение собственного мнения и убеждений;

7) уважение своего человеческого достоинства;

8) поощрение и вознаграждение за успехи в учебе, научной и творческой деятельности.

Обучающиеся обязаны:

1) овладевать знаниями, умениями, практическими навыками и компетенциями в соответствии с требованиями государственных общеобязательных стандартов образования, соблюдать правила внутреннего распорядка.

2) заботиться о своем здоровье, стремиться к духовному и физическому самосовершенствованию.

3) уважать честь и достоинство педагогического работника, традиции учебного заведения, в котором они обучаются.

38. Права и обязанности педагогического работника:

Педагог при осуществлении профессиональной деятельности имеет право на:

1) свободный выбор способов и форм организации профессиональной деятельности при условии соблюдения требований государственного общеобязательного стандарта соответствующего уровня образования;

2) защиту от незаконного вмешательства и воспрепятствования со стороны должностных и других лиц;

3) уважительное отношение к профессии и надлежащее поведение со стороны обучающихся, воспитанников и их родителей или иных законных представителей;

4) организационное и материально-техническое обеспечение и создание необходимых условий для осуществления профессиональной деятельности;

5) осуществление научной, исследовательской, творческой, экспериментальной деятельности, внедрение новых методик и технологий в педагогическую практику;

6) творческую инициативу, разработку и применение авторских программ и методов обучения и воспитания, развитие и распространение новых, более совершенных методов обучения и воспитания при условии соблюдения требований государственного общеобязательного стандарта соответствующего уровня образования;

7) выбор учебных пособий, материалов и иных средств обучения и воспитания в соответствии с образовательной программой;

8) участие в разработке образовательных программ, учебных планов, методических материалов и иных компонентов образовательной деятельности, а также учебников, учебно-методических комплексов и учебных пособий;

9) избрание и занятие выборной должности по месту работы;

10) участие в обсуждении вопросов, направленных на совершенствование качества образования, в том числе относящихся к деятельности организации образования;

11) участие в работе коллегиальных органов управления организацией образования;

12) повышение квалификации не реже одного раза в пять лет;

13) непрерывное профессиональное развитие и выбор форм повышения квалификации;

14) досрочное присвоение квалификационной категории;

15) индивидуальную педагогическую деятельность в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

16) поощрение за успехи в профессиональной деятельности;

17) отсрочку от призыва на воинскую службу в соответствии с Законом Республики Казахстан "О воинской службе и статусе военнослужащих";

18) прохождение стажировки по международной стипендии "Болашак" для поддержания и повышения профессиональных навыков в порядке и на условиях, определенных законодательством Республики Казахстан;

19) обжалование принимаемых в отношении него актов, действий и решений руководителя организации вышестоящим должностным лицам или в суд;

20) уважение чести и достоинства со стороны обучающихся, воспитанников и их родителей или иных законных представителей;

21) иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Педагог обязан:

1) обладать соответствующими профессиональными компетенциями в своей деятельности;

2) соблюдать педагогические принципы обучения и воспитания, обеспечивать качество обучения и воспитания не ниже требований, предусмотренных государственными общеобязательными стандартами образования;

3) непрерывно совершенствовать свое профессиональное мастерство, исследовательский, интеллектуальный и творческий уровень, в том числе повышать (подтверждать) уровень квалификационной категории не реже одного раза в пять лет;

4) соблюдать педагогическую этику;

5) проходить обязательные периодические медицинские осмотры в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

6) уважать честь и достоинство обучающихся, воспитанников и их родителей или иных законных представителей;

7) воспитывать детей в духе уважения к закону, правам, свободам человека и гражданина, родителям, старшим, семейным, историческим и культурным ценностям, государственным символам, высокой нравственности, патриотизма, бережного отношения к окружающей среде;

8) развивать у обучающихся и воспитанников жизненные навыки, компетенции, самостоятельность, творческие способности и формировать культуру здорового образа жизни;

9) незамедлительно информировать руководство организации образования о фактах выявления ребенка, находящегося в трудной жизненной ситуации;

10) незамедлительно сообщать правоохранительным органам и руководству организации образования о фактах совершения несовершеннолетними или в отношении них действий (бездействия), содержащих признаки уголовного либо административного правонарушения, в том числе ставших известными ему в связи с профессиональной деятельностью вне организации образования;

11) консультировать родителей или иных законных представителей по вопросам обучения и воспитания обучающихся и воспитанников.

Педагог не вправе использовать образовательный процесс для политической агитации, принуждения обучающихся и воспитанников к принятию политических, религиозных или иных убеждений либо отказу от них, для разжигания социальной, расовой, национальной или религиозной розни, агитации, пропагандирующей исключительность, превосходство либо неполноценность граждан по признаку социальной, расовой, национальной, религиозной или языковой принадлежности, их отношения к религии, в том числе посредством сообщения, обучающимся недостоверных сведений об исторических, национальных, религиозных и культурных традициях наций

и народностей Республики Казахстан, а также побуждения обучающихся к действиям, противоречащим Конституции Республики Казахстан и законодательству Республики Казахстан.

За нарушение обязанностей и совершение проступка, дискредитирующего звание педагогического работника, педагога влечет ответственность в соответствии с законами Республики Казахстан.

39. Государственное учреждение не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и целям его деятельности, закрепленным в настоящем уставе.

40. Сделка, совершенная государственным учреждением в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции его руководителя, может быть признана недействительной по иску: уполномоченного органа соответствующей отрасли, местного исполнительного органа.

## 4. Управление государственным учреждением

41. Общее управление государственным учреждением осуществляет уполномоченный орган соответствующей отрасли, определенный в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

42. Учредитель, в установленном законодательством Республики Казахстан порядке, осуществляет следующие функции:

1) закрепляет за государственным учреждением имущество;

2) утверждает устав государственного учреждения, осуществляет внесение в него изменений и дополнений;

3) принимает решение о реорганизации и ликвидации коммунального государственного учреждения;

4) осуществляет изъятие или перераспределение имущества, переданного государственному учреждению или приобретенного им в результате собственной хозяйственной деятельности.

43. Уполномоченный орган соответствующей отрасли, в установленном законодательством Республики Казахстан порядке, осуществляет следующие функции:

1) утверждает индивидуальный план финансирования государственного учреждения;

2) осуществляет контроль за сохранностью имущества государственного учреждения;

3) определяет структуру, порядок формирования и срок полномочий органов управления государственного учреждения, порядок принятия государственным учреждением решений;

4) определяет права, обязанности и ответственность руководителя государственного учреждения, основания освобождения его от занимаемой должности;

5) утверждает структуру и предельную штатную численность государственного учреждения;

6) утверждает годовую финансовую отчетность;

7) дает согласие уполномоченному органу по государственному имуществу на изъятие или перераспределение имущества, переданного государственному учреждению или приобретенного им в результате собственной хозяйственной деятельности;

8) осуществляет иные функции, установленные законодательством Республики Казахстан.

44. Руководитель государственного учреждения назначается на должность и освобождается от должности уполномоченным органом соответствующей отрасли, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

45. Руководитель государственного учреждения организует и руководит работой государственного учреждения, непосредственно подчиняется уполномоченному органу соответствующей отрасли (за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан) и несет персональную ответственность за выполнение возложенных на государственное учреждение задач и осуществление им своих функций.

46. Руководитель государственного учреждения действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает вопросы деятельности государственного учреждения в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим уставом.

47. Действия руководителя государственного учреждения, направленные на осуществление государственным учреждением неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

48. При осуществлении деятельности государственного учреждения руководитель государственного учреждения в установленном законодательством Республики Казахстан порядке:

1) без доверенности действует от имени государственного учреждения;

2) представляет интересы государственного учреждения в государственных органах, иных организациях;

3) заключает договора;

4) выдает доверенности;

5) утверждает порядок и планы государственного учреждения по командировкам, стажировкам, обучению сотрудников в казахстанских и зарубежных учебных центрах и иным видам повышения квалификации сотрудников;

6) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников;